

Келісілді
әдіскер: А.Е. Есказиева



Бекітілді *Майя*

«Altyn Uya New» жеке балабақшасының
менгерушісі А.А. Таухабаева

№1 педагогикалық кеңесте, №1 хаттама шешімімен бекітілген. 02.09.2025 ж

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025- 2026 оқу жылына арналған
«Еркемай» ересек тобының перспективалық жоспары**

**Тәрбиеші: Сагинова Г.Б.
Саркулова Г.Т.**

ТҮСІНІК ХАТ

2025-2026 оқу жылында «Балапан» ортаңғы тобы тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:**

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды **дамыту моделі**»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің **Үлгілік қағидалары**;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты**;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу жоспарларын** бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу бағдарламаларын** бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін **міндетті құжаттардың тізбесін** және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы №319 бұйрығы;

- 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы **әдістемелік нұсқау хаты** (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттамасы);

Мектепке дейінгі ұйым: «Altyn Uya New» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеке балабақшасы

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жас

Жоспар қандай кезеңге жасалды(айды, жылды көрсету): 02.09-30.09.2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Негізгі қимылдар: Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. бір-бірден сапқа тұру Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Дербес қимыл белсенділігі: Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату	Балалардың дене қимылдарын үйлесімді және дұрыс орындауы қалыптасады. Қарапайым қозғалыс жаттығуларын орындайды, дене жаттығуларына қызығушылығы артады. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйренеді, топтық ойындарға белсенді қатысады.

	Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдануды үйрету. Сөздік қор. Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу.	Балалар дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын нығайтады, фонематикалық қабылдау қабілеті дамиды. Сөзді анық және мәдениетті дыбыстауға үйренеді. Тұрмыстық және қоршаған орта заттарының маңыздылығын түсінеді.
Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.	Балалар ертегі, әңгіме, өлеңдерді қызығушылықпен тыңдайды.

	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға баулу.	Тыңдалған шығарманың мазмұнын өз сөзімен жеткізе біледі. Қысқа өлеңдер мен санамақтарды жаттап, мәнерлеп айтып береді. Көркем сөзге қызығушылығы артады, әдеби тілге бейімділік қалыптасады.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға баулу.	Балалар айналадағы құбылыстар мен оқиғалар туралы ақпаратты түсініп, оны әңгімелеуге дағдыланады. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ө, ү, ұ, қ, ғ, і) анық, дұрыс айтады. Сөйлеу барысында артикуляция мен тыныс алуды дұрыс қолданады, сөйлеу қарқыны қалыптасады. Табиғат, жануарлар, тұрмыстық заттар мен құбылыстарға байланысты сөздік қоры кеңейеді, оларды мағынасына қарай қолдана алады. Зат есімдерді жіктеп, тәуелдеп, септеп дұрыс қолданады. Иллюстрациялар арқылы көркем шығармалар мазмұнын қайталап айтып, байланыстырып сөйлеу дағдылары дамиды. Тыңдалған ақпаратты есте сақтап, ойын логикалық жүйемен жеткізеді.
Математика негіздері	Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету. Сан, санау: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.	Балалар жиын, заттардың түсі, пішіні, өлшемі бойынша әртүрлі болатынын түсінеді. Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай салыстырып, тең немесе тең еместігін ажырата алады. Екі қатардағы заттар тобын салыстырып, «тең», «артық», «кем» ұғымдарын қолданады.

	Шама: Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру дағдысын дамыту Геометриялық фигуралар: Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді жетілдіру Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалуды (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді үйрету (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.	Ұзындығы мен ені әртүрлі заттарды салыстырып, айырмашылығын айта алады. Негізгі геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (цилиндр) танып, атай алады. Геометриялық пішіндерді сипап сезу және көру арқылы сипаттай алады. Кеңістіктегі бағыттарды (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен) дұрыс түсініп, қолдана біледі. Заттардың орналасуын өзіне қатысты сипаттап айта алады. Тәулік бөліктерін (таңертең, күндіз, кеш, түн), олардың реттілігі мен ерекшеліктерін ажыратады. «Бүгін», «кеше», «ертең» сөздерін мағынасына сай қолданады.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру дағдыларын дамыту Қағаздан құрастыру: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге айналдыра білу Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.	Балалар пластиналарды тігінен, кірпіштер мен құрылыс бөлшектерін көлденеңінен орналастыру тәсілдерін меңгереді. Қағаз парағын бүктеу, шиыршықтау, бұрау арқылы көлемді пішіндер жасауға дағдыланады. Қағаздан қарапайым құрастыру жұмыстарын орындай алады. Табиғи және қалдық материалдарды ажырата біледі, оларды құрастыруда дұрыс пайдаланады. Түрлі материалдардан (мақта, жүн, жіп, дәндер, пластик, қағаз, мата т.б.) қарапайым композициялар жасауға қызығушылық танытады.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй. Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала	Бала өзін жеке тұлға ретінде танып, «Мен» бейнесін қалыптастырады. Өзінің аты-

	ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.	жөнін, жасын, жынысын дұрыс атай алады. Өз ойын ашық білдіруге, пікір айтуға, келісім беруге дағдыланады. Өз-өзіне деген сенімі артады, өзін құрметтеуге үйренеді. «Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын» ұғымдарын түсінеді. Мектепке баруға қызығушылық танытады, мектеп туралы бастапқы түсініктер қалыптасады. Отбасы мүшелерінің есімдерін атап, олардың еңбегі мен рөлін біледі. Отбасы үлкендеріне сыйластық танытып, кішілерге қамқорлық жасай алады. Отбасы дәстүрлері мен мерекелері туралы айтып, сүйікті адамдары туралы мақтанышпен әңгімелей алады.
Сурет салу	Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.	Сурет салу барысында дұрыс отыру дағдыларын (арқаны тік ұстау, еңкеймей отыру) меңгереді. Жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға дағдыланады. Қауіпсіздік ережелерін сақтай алады. Дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш тәрізді пішіндерді таниды және атай алады. Заттардың көлемі мен орналасуына байланысты арақатынасын салыстырып айтып бере алады (мысалы: ағаш – биік, бұта – аласа, гүл – одан да аласа). Заттарды суретте бейнелеу барысында олардың көлемдік арақатынасын бере алады.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеуді, Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды қалыптастыру.	Ермексаз, сазбалшық сияқты материалдармен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады. Домалақтау, созу, басу, біріктіру сияқты мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып қарапайым бейнелерді (ыдыс, жеміс-жидек, ойыншық т.б.) жасай

		алады. Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды жасауға қызығушылық танытады. Мүсіндеу барысында қауіпсіздік ережелерін (құралдарды дұрыс пайдалану, заттарды бөлісу, тазалық сақтау) сақтай біледі.
Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді қиюда қолдану. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындауын қалыптастыру.	Қайшыны дұрыс ұстап, қауіпсіз қолдана алады. Түзу сызық бойымен қысқа және ұзын жолақтарды қию дағдылары қалыптасады. Текше мен тікбұрышты пішіндерден басқа пішіндерді (дөңгелек, сопақша) қию тәсілін меңгереді. Қиылған дайын пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастырып, жануарлар, құстар, гүлдер бейнесін құрастыра алады. Жапсыру жұмысы кезінде қауіпсіздік және ұқыптылық ережелерін сақтайды.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды таныстыру. Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету.	Балалар музыкалық шығармаларды алаңдамай, соңына дейін тыңдай алады. Музыканың көңіл-күйін сезініп, таныс шығармаларды танып, тыңдағаны туралы ойларын жеткізе алады. Әнді мәнерлеп, дұрыс орындауға дағдыланады. Музыканың ырғағына сәйкес би және музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық танытады. Әр түрлі музыкалық аспаптарда ойнауды меңгереді, шуыл аспаптарын қолдануда шеберлік дамиды. Көңілді, ырғақты билердің сипатын түсініп, сезіне біледі.

Мектепке дейінгі ұйым: «Altyn Uya New» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеке балабақшасы

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жас

Жоспар қандай кезеңге жасалды(айды, жылды көрсету): 01.10-31.10.2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеріп тұрған қалыпта алға еңкейіп қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жайып жіберу. Екі қол белде оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, қатарынан (4–5 рет) жүрелеп отыру; Отырып аяқтың ұшын созу, табанды бұгу. Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды	Балалар қол қимылдарын икемді, үйлесімді орындай алады; дене бұлшықеттерін нығайтады, икемділікті арттырады. Қимылдарды дұрыс орындау арқылы дене қимылы мен тепе-теңдік дағдылары дамиды. Отыру және тұру жағдайында дене қалпын сақтай білу дағдылары қалыптасады. Балалар тепе-теңдікті сақтай отырып, әртүрлі биіктіктегі және кеңістіктегі жолдармен сәтті жүру дағдыларын меңгереді. Қолдардың әртүрлі қалыпта ұсталуы және қимылдардың үйлесімділігі дамиды. Музыкамен үйлескен ырғақты жаттығулар арқылы қозғалыс координациясы, дене икемділігі мен ырғақ сезімі қалыптасады. Балалар қимылды ойындарға белсенді қатысып, физикалық қасиеттерін (жылдамдық, күш, икемділік) дамытады. Денсаулықты сақтау және салауатты өмір салтын ұстануға қызығушылықтары артады. Өз денесін, гигиенасын дұрыс күтіп, жеке тазалық дағдыларын

	калай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру. Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.	қалыптастырады. Өзін-өзі қызмет көрсету қабілеттері жетіліп, күнделікті тұрмыстық істерді дербес орындай алады. Шынықтыру шараларына тұрақты қатысып, денсаулығы нығаяды.
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдануды пысықтау. Сөздік қор. сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту Тілдің грамматикалық құрылымы көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	Балалар дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс және анық айта алады, фонематикалық қабылдау дағдылары дамиды. Сөздік қоры мағыналы сөздермен байып, көмегі сөздерді дұрыс қолдануға дағдыланады. Диалогтік сөйлеу жетіліп, әңгімені түсінікті жүргізе алады, сұрақтар қоя біледі және толық жауап береді. Сөйлеу мәдениеті қалыптасады.
Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екепінді	Балалар тыңдалған шығарманың мазмұнын толық және түсінікті түрде қайталай алады, қысқа өлеңдер мен

	қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.	санамақтарды жатқа айтады. Тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда әртүрлі интонацияларды, үзілістер мен логикалық екпіндерді дұрыс қолданады. Шығарма мазмұнын терең қабылдап, кейіпкерлерге жанашырлықпен қарайды, есте сақтау қабілеті дамиды.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.	Балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы ақпаратты қабылдап, оны түсініп, талқылай алады. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті дамып, артикуляция, тыныс алу және фонематикалық есту дағдылары жетіледі. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын анық және дұрыс айта алады. Сөздік қоры байып, заттар мен табиғат атауларын дұрыс қолданады. Грамматикалық құрылымды меңгеріп, сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана алады. Байланыстырып сөйлеу қабілеті қалыптасып, суреттер бойынша өз бетінше әңгіме құрастырады.
Математика негіздері	Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. Сан, санау: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Шама: Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыруды үйрету; Геометриялық пішіндер:	Балалар жиын мен оның құрамдас бөліктері туралы түсінік алады, заттарды жұппен салыстырып, санамай-ақ тең немесе тең еместігін анықтай алады. Екі қатарда орналасқан заттарды салыстыра отырып, теңдік пен теңсіздік ұғымдарын меңгереді. Биіктігі мен жуандығы бойынша бірдей және әртүрлі заттарды ажырата біледі. Геометриялық фигуралар мен

	Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (шар) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді дамыту Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.	денелерді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, шар) танып, атай алады, оларды сипап сезу арқылы зерттеуге ынтасы артады. Кеңістікте бағдарлау дағдылары дамып, берілген бағыттарда қозғала алады, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен айта алады. Тәулік бөліктері мен уақыт ұғымдарын (бүгін, кеше, ертең) түсініп, қолдана біледі.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау дағдасын дамыту Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды пысықтау. Қағаздан құрастыру: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, орамдарға айналдыра білу Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.	Балалар құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерінің түрлерін (текше, пластина, кірпіш, блок) ажыратып, дұрыс атай алады. Ұқыптылық пен қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын түсініп, оны күнделікті әрекетінде жүзеге асырады. Қағазды ортасынан бүгіп, шиыршықтап, орамдар жасау дағдысын меңгереді. Табиғи және қалдық материалдарды пайдаланып, өз бетімен шығармашылық композициялар құрастырады және материалдарды үнемдеуге, экологияны сақтауға қызығушылық танытады.

Қоршаған әлеммен таныстыру	Заттық әлем. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.	Балалар заттық әлемдегі заттарды дұрыс ажыратып, атай алады; олардың қасиеттері мен қолданылуын түсінеді. Қазақ халқының ұлттық киімдері мен әшекейлерін танып, сол мәдениетті бағалауға қызығушылықтары артады. Әуе, су және жер көліктерін бөліп, олардың қолданылу ерекшеліктерін біледі; жедел жәрдем, өрт сөндіру сияқты арнайы техниканың маңызын түсінеді. Телефон, компьютер, теледидар сияқты құралдарды дұрыс пайдалану ережелерін меңгереді. Адамдардың еңбегіне құрметпен қарап, алғыс айту мәдениетін қалыптастырады.
Сурет салу	Гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.	Балалар гүлдер мен қоршаған табиғат объектілерінің түрлі түстері мен реңктерін ажыратып, түсіне алады. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді танып, бояуларды араластырып қажетті түстерді жасауға ынтасы артады. Сурет салу кезінде арқасын тік ұстап, еңкейместен дұрыс отыру дағдысын қалыптастырады. Жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыптылыққа және қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйренеді.
Мүсіндеу	Өртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тәнерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеуді Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды дамыту.	Балалар әртүрлі пішіндегі заттарды олардың ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеу тәсілдерін меңгереді: пішінді толықтыру, жиектерін иілу, бөлшектерді созу және қысу. Мүсіндеу және жапсыру

		кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыланады. Қайшыны дұрыс ұстауды және қолдануды үйренеді, түзу сызық бойымен қысқа әрі ұзын жолақтарды қиюға шеберлігі артады. Қағаздан жануарлар, құстар, гүлдердің пішіндерін қиып, оларды қағаз бетіне орналастыру дағдылары қалыптасады. Жұмысты ұқыптылықпен және жауапкершілікпен орындауға үйренеді, шығармашылық қабілеті мен қиялы дамиды.
Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілеті мен қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындауды меңгерту.	Балалардың жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылығы артады, шығармашылық қабілеттері мен қиялы дамиды. Қайшыны дұрыс ұстап, қауіпсіз әрі тиімді пайдалануды меңгереді. Түзу сызық бойымен қысқа және ұзын жолақтарды қию дағдылары қалыптасады. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішіндерін қиюға және оларды қағаз бетіне орналастыруға шеберлігі артады. Жұмысты ұқыптылықпен және қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып орындауға үйренеді.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар:	Балалар музыканы алаңдамай, соңына дейін тыңдауды үйренеді, музыканың сипатын сезінуге икемделеді. Таныс шығармаларды біледі және тыңдаған музыкадан алған әсерлерін айта алады. Мәнерлеп ән айту дағдылары қалыптасады, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп орындай

	марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындауды үйрету Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап ағаш қасықтарды қолдану, қарапайым әуендерді орындауын ұйымдастыру Билер: музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыруды меңгерту	алады (ре-си бірінші октава шегінде). Музыканың ырғақтық сипатына сай марш жүрісін және жеңіл ырғақты жүгіруді орындай алады. Ағаш қасық сияқты қарапайым музыкалық аспаптарда таныс әуендерді ойнауға дағдыланады. Музыканың кіріспесін ажыратып, оған сай билердің қимылдарын дұрыс орындайды, қимылды музыканың сипатына байланысты ауыстыруға үйренеді.
--	--	--

Мектепке дейінгі ұйым: «Altyn Uya New» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеке балабақшасы

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жас

Жоспар қандай кезеңге жасалды(айды, жылды көрсету): 03.11-28.11.2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Негізгі қимылдар: Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір- бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру.	Балалар қол мен аяқ қимылдарын меңгереді: саусақтарды ашып-жұму, білектерді айналдыру, аяқпен затты ауыстыру, жүгірудің түрлі түрлерін орындай алады. Музыкамен қимылдарды үйлестіріп, ырғақты жаттығулар жасайды. Қимылды ойындарға қызығушылық пайда болып, физикалық қасиеттері (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік) дамиды. Денсаулықтың маңызын түсініп, өзіне күтім жасауды үйренеді. Балалар спорттық құралдармен және ойыншықтармен ойнауға ынталанады, дене тәрбиесіне қызығушылықтары артады. Мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасып, тазалық пен ұқыптылық әдетке айналады. Өзін-өзі қызмет көрсету дағдылары жетіліп, киіну, тіс тазалау, қолды жуу сияқты дағдыларды өз бетінше орындай алады. Сауықтыру шараларын орындау арқылы денсаулығын нығайтады.

	«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, Дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қор. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз	Балалар дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айта алады, артикуляциялық аппараттары дамиды. Сөздік қоры кеңейіп, заттардың атауларын, материалдарын және қасиеттерін қолдана біледі. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде дұрыс қолданады. Диалогқа белсенді қатысып, сұрақтар қойып, толық әрі түсінікті жауап бере алады.

	қасиеттерін сөйлеуде қолдануды дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдысын дамыту Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	
Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тындауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.	Балалар әдеби шығармаларды мұқият тындап, кейіпкерлерге жанашырлық көрсетеді. Әрекеттердің дамуын қадағалап, сюжет желісінің реттілігін сақтай отырып, мазмұнын дұрыс қайталап айта алады. Автор сөздерін жеткізіп, кейіпкерлердің мінезін бере біледі. Шығармаға байланысты сұрақтарға толық жауап береді және ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басы мен соңын ойдан құрастыруға қабілетті болады.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.	Балалар ұжымдық әңгімеге қатысып, кезекпен сөйлей білуді үйренеді, әңгімелесушінің сөзін бөлмейді. Сөйлеу дауыстық аппаратын дамытып, қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс және анық айта алады. Туыстық қарым-қатынасқа қатысты сөздерді меңгеріп, өз отбасы мен салт-дәстүрлері туралы айта алады. Етістіктің болымсыз түрі мен «емес» шылауын дұрыс қолданады. Ойыншықтар мен заттарды қысқа сөйлемдермен сипаттап, суретке байланысты оқиғаларды ойлап таба алады.

Математика негіздері	Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді меңгерту. Сан, санау: Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. Шама: Биіктігі бойынша екі затты салыстыру Геометриялық пішіндер: Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.	Балалар жиын ұғымын түсініп, түрлі пішін, түс, өлшемдегі заттарды жұппен салыстыра отырып, тең немесе тең емес екенін анықтай алады. Тең ұғымын қосу мен алу арқылы меңгереді, «қанша болды?» және «қаншасы қалды?» деген сұрақтарға жауап бере алады. Биіктігі бойынша заттарды салыстырады. Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, куб) танып, атай алады, оларды көру және сипап зерттеуді үйренеді. Кеңістікте бағдарлану дағдылары қалыптасып, бағыттарды (алға, артқа, оңға, солға, жоғары, төмен) біледі, заттарды өзіне қатысты дұрыс орналастыра алады. Тәулік бөліктері мен «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын түсініп, уақытты бағдарлауда жетіледі.
Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бұршік» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға зейін бөлуін дамыту .	Балалардың қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ пен басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үй мен тұрмыстық заттарға, ойыншықтар мен сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылығы артады. Қазақ оюларының дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндеріндегі элементтері («құс қанаты», «бұршік») таныстырылады, олардың орналасу тәртібі мен ара қашықтығын сақтауға зейіндері жетіледі.
Мүсіндеу	Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру,	Балаларды мүсінделген заттар мен фигуралардың бетін тегістеуге үйрету, бірнеше бөліктен тұратын

	пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру дағдыларын пысықтау Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын жетілдіру.	заттарды дұрыс орналастырып, пропорцияларын сақтай отырып біріктіру дағдылары дамиды. Сонымен қатар, мүсіндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтайды.
Жапсыру	Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағазбетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеуді меңгерту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.	Балалар композиция құрастыру кезінде заттардың көлемін дұрыс салыстыра алады, ұсақ элементтерді ересек көмегімен қауіпсіз және ұқыпты желімдейді. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері мен киіз үйдің жабдықтарын танып, ұлттық мәдениетке қызығушылығы артады.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру Қағаздан құрастыру: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, ілмекке айналдыра білуін дамыту Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.	Балалар құрылыс бөлшектерін (текше, пластина, кірпіш, блок) ажыратып, сапасы, көлемі мен пішініне қарай таңдай алады; өз бетінше ойдан құрастыруға дағдыланады. Қағаз парағын бүгіп, шиыршықтап, ілмек жасау шеберлігін дамытады. Табиғи және қалдық материалдарды шығармашылықпен пайдаланып, өз бетінше құрастыруға ынтасы артады.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіруді үйрету Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап	Балалар музыканы мәнерлі түрде тыңдап, дыбыстардың өзгерісін (ақырын-қатты, баяу-жылдам) ажырата алады. Әнді таза, анық айтып, тыныс алуды дұрыс орындайды, музыканың сипатын жеткізе біледі. Ырғақты қимылдарды орындап, қос аяқпен еркін секіруге үйренеді. Музыкалық аспаптарда (сылдырмақ) қарапайым әуендерді ойнауға қабілеті артады. Би қимылдарын музыканың сипатына сәйкес өзгертіп, билердің атауларын есте сақтайды.

	сылдырмақтарды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау Билер: Музыканың сипатына сәйкесқимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтауын дамыту	
Қоршаған әлеммен таныстыру	Байланыс және қозғалыс құралдары. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. Еңбекке баулу. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық- түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.	Балалар көлік құралдарын және оларды басқаратын адамдарды танып, атай алады. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластықпен қарайды. Еңбекке деген оң көзқарасы қалыптасып, берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындайды, бастаған ісін аяқтайды. Топ пен ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауға, тәрбиешіге көмектесуге дағдыланады. Кезекшілік міндеттерін өз бетінше атқарады (ас құралдарын реттеу, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, құстарды қоректендіру). Ата-анасының және айналасындағы адамдардың мамандықтарына қызығушылығы артып, еңбектің маңызын түсінеді. Азық-түлік пен нанға ұқыпты қарап, өзгенің еңбегіне құрметпен қарайды, үлкендерге көмек көрсетуге ниет білдіреді.

Мектепке дейінгі ұйым: «Altyn Uya New» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеке балабақшасы

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жас

Жоспар қандай кезеңге жасалды(айды, жылды көрсету): 01.12-31.12.2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Отырғанқалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқаұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Негізгі қимылдар: Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы кадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.	Балалар дене қимылдарын дұрыс және үйлесімді орындай алады; қол-аяқтың икемділігі мен күш-қуаты артады. Еңбектеу мен өрмелеу дағдылары дамып, түрлі кедергілерден өтуге қабілетті болады. Ырғақпен қимылдау және музыкаға сәйкес қозғалу дағдылары қалыптасады. Спорттық жаттығулар мен ойындар арқылы жылдамдық, күш, шыдамдылық, ептілік пен икемділік жақсарады. Ойындарға белсенді қатысып, дербестік пен бастамашылық көрсетеді. Балалар «Денсаулық – зор байлық» дегеннің мәнін түсініп, өз іс-әрекеттерінің ағзаға әсерін біледі. Тістерді тазалаудың және қолды жуу мен тазалық сақтаудың маңыздылығын түсінеді, суық тиюден сақтануға үйренеді. Салауатты өмір салтының негізгі қағидаларын қабылдайды. Қозғалыс белсенділігі артып, доппен, ойыншықтармен және спорт құралдарымен ойнауға ынтасы көбейеді. Мәдени-гигиеналық дағдылары жетіліп, тамақтану әдебін сақтайды, өзіне-өзі қызмет көрсетуде тәуелсіздікке ұмтылады. Шынықтыру шараларына жүйелі қатысып, дене және тыныс алу жүйесін нығайтады.

Ырғақтық жаттығулар.

Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау

Спорттық жаттығулар:

Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.

Қимылды ойындар.

Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.

Дербес қимыл белсенділігі:

Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, Дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.

Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.

Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары:

	Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Тілдің грамматикалық құрылымы Сан есімдерді ретімен атауға дағдыландыру Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу	Балалар сөйлеу қарқынын өзгертіп, ақырын және жылдам сөйлей алады; тақпақтар мен жаңылтпаштарды дұрыс айтады. Сөздік қоры қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейіп, олардың қолданылу мағынасын түсінеді. Сан есімдерді ретімен атауға дағдыланады. Өз бетімен зат пен суретті қарап, сипаттап, байланыстырып әңгіме айту дағдыларын дамытады.
Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілікқұралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.	Балалар сахналық қойылымдарға белсенді қатысып, қарапайым әдеби шығармалар мен ертегілерді мәнерлеп ойнай алады. Образды жеткізу үшін интонация, ым-ишара, қимылдарды еркін қолданады. Таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдап, оларды түрлі қырынан көрсетуге ынтасы артады.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Тілдің грамматикалық құрылымы	Балалар ұжымдық әңгімеге қатысып, кезекпен сөйлеп, әңгімелесушінің сөзін бөлмеуді үйренеді. Артикуляциялық және дауыс аппараты дамып, тыныс алу мен фонематикалық есту жақсарады; қазақ тіліне тән дыбыстарды анық және дұрыс айта алады. Сөздік қоры шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен жұмбақтар арқылы байиды. Етістіктің болымсыз түрін және «емес» шылауын дұрыс қолданады. Ертерек таныс немесе жаңа ертегілер мен көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар арқылы қайталап айтып, шығармашылықпен

	Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданабілуге үйрету Байланыстырып сөйлеу Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.	оқиғаларды жалғастыруға қабілетті болады.
Математика негіздері	Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Сан, санау: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау Шама: Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып Салыстыруды пысықтау Геометриялық пішіндер: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуіне жағдай жасау Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.	Балалар жиын ұғымын түсініп, әртүрлі түсті, пішінді және өлшемдегі заттарды жұппен салыстыра отырып, тең немесе тең еместігін анықтай алады. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамытып, реттік сан есімдерді дұрыс атайды. Екі затты үстіне және қасына қою арқылы салыстыруды меңгереді. Геометриялық фигуралар мен денелерді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, куб, шар, цилиндр) танып, атай алады, оларды сезіп зерттеуге мүмкіндік алады. Кеңістік бағыттарын (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен) түсініп, берілген бағытта қозғала алады; заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен айта алады. Тәулік бөліктері мен уақыт ұғымдарын (таңертең, күндіз, кеш, түн, бүгін, кеше, ертең) түсініп, олардың реттілігін біледі.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салуды. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын	Балалар жеке және бірдей заттарды қайталап сала алады, олардың қасына басқа заттарды қосып, сюжеттік композицияларды жасай алады. Әр заттың ерекшелігін танып, композициядағы

	беруді жетілдіру.	заттардың арақатынасын дұрыс көрсете алады, бейнелеу дағдылары мен көркем ойлау қабілеті дамиды.
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіруді қолдануды үйрету. Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалау.	Балалар бірнеше бөліктерден құралған заттарды мүсіндеуді меңгереді, бөліктерді дұрыс орналастырып, пропорцияны сақтай алады. Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды жасауға қызығушылықтары артып, мүсіндеу барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйренеді.
Жапсыру	Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.	Балалар геометриялық пішіндер мен өсімдіктерден құралған ұлттық ою-өрнектерді бірізділікпен жапсыруды меңгереді, элементтердің ретін, арақашықтық пен пішінін сақтай алады. Олар ою-өрнекті тұрмыстық заттар мен ыдыстарды сәндеуге қолдануға дағдыланады.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру Қағаздан құрастыру: Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.	Балалар құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын дұрыс айқындай алады және дайын құрылысты ойынға қолдануға ынта білдіреді. Қағаздан құрастыруда бұрыштары мен қырларын біріктіріп, бөлшектерді желімдеп, қарапайым композициялар жасай алады. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс істей отырып, шығармашылық қиялы дамып, өз бетінше құрастыруға дағдыланады.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеуді үйрету Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын	Балалар музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын (ақырын-қатты, баяу-жылдам) ажырата алады, жоғары және төмен дыбыстарды (секста, септима шегінде) таниды. Ән айтуда тыныс алуды дұрыс пайдаланып, әуенді таза, сөздерді анық орындайды, музыканың сипатын жеткізе біледі. Иллюстрациялар мен қимылдар арқылы әннің мазмұнын толықтыра алады. Музыкалық-ырғақтық қимылдарға

	жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындату Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап асатаяқты қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау Билер: Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу	қызығушылық танытып, маршпен жүріс, жеңіл ырғақты жүгіру сияқты қимылдарды орындайды. Таныс әндерді асатаяқпен сүйемелдеп, қарапайым әуендерді музыкалық аспапта ойнауға қатысады. Би қимылдарын есте сақтап, ырғақпен жеңіл әрі үйлесімді қозғалады.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Менің Отаным – Қазақстан. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.	Балалар мейірімділік, әділдік, жанашырлық, қарапайымдылық сияқты адамгершілік қасиеттерді түсініп, күнделікті өмірде қолдана алады. Құрдастарымен келісіп ойнайды, ойыншықтармен бөліседі, қажет кезде кешірім сұрай біледі. Өз әрекетінің дұрыс-бұрыстығын бағалап, әділ пікір білдіруге үйренеді. Ересектерге құрмет көрсетіп, кішілерге көмектесуге ұмтылады. Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілігі қалыптасып, мемлекеттік рәміздерді (ту, елтаңба, әнұран) танып, оларға құрметпен қарайды. Мемлекеттік мерекелер мен Отан қорғаушылар туралы түсінік алады, патриоттық сезімдері дамиды. Астана қаласы мен басқа қалалар, ауылдар туралы білімдерін кеңейтіп, олардың ерекшеліктерін ажырата алады.

Мектепке дейінгі ұйым: «Altyn Uya New» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеке балабақшасы
Мектепке дейінгі ұйымдағы топ: «Еркемай» ересек тобы
Балалардың жасы: 4жас

Жоспар қандай кезеңге жасалды(айды, жылды көрсету): 05.01-31.01.2026жж

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Негізгі қимылдар: Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; 48 аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен,	Қолды алға екі жаққа, жоғары көтеру, бір уақытта, кезекпен, төмен түсіру, қолдарын арқасына апару, қолдарды төмен түсіру, белге қою, кеуде тұсына қою, қолдарын алға-артқа сермеу, тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Негізгі қимылдар: секіру — бір орында тұрып қос аяқпен секіру, 2-3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру, аяқты бірге алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4-5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40-50 сантиметр) секіру, 20-25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру. Ырғақтық жаттығулар: таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындайды. Балалардың негізгі қол және аяқ қимылдарын меңгеріп дұрыс орындауы, белсенділік пен ырғақ сезімін дамыту, қозғалыстарды музыкалық сүйемелдеу арқылы үйлестіру қабілеті артады. Шаңғымен жүру дағдыларын меңгереді. Қимылды ойындарда жетекші рөл атқарады және ойын ережелерін саналы түрде сақтауды үйренеді. Доптармен, секіргіштермен,

	секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, Дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.	құрсаулармен ойындарда белсенділігін арттырады. Дене белсенділігінің (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) және ұйқының маңызын түсінеді. Дербес қимыл белсенділігін дамыту үшін ойыншықтар мен спорт құралдарын қолдануға ынталы болады. Гигиеналық дағдыларды қалыптастырады, қолды сабынмен жуу, тіс тазалау, тарақты және қол орамалды дұрыс пайдалануды үйренеді. Тамақтану әдебін сақтайды: тамақты асықпай шайнайды, асхана құралдарын дұрыс қолданады және тамақтан соң ауызды шаюды меңгереді. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгереді: өз бетінше киініп шешінуді, тісін тазалауды жетілдіреді. Киімдерді жинауды, ілуін, ересектердің көмегімен тазалау мен құрғатуды үйренеді. Бейнелеу әрекетінен кейін құтыларды, қылқаламдарды жуу және үстелді сүртуді орындайды. Сауықтыру-шынықтыру шараларын меңгереді: барлық түрдегі шынықтыру жаттығуларын, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізеді. Әр тамақтанғаннан кейін ауызды шаюды дағдыға айналдырады. Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін әртүрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді үйренеді. Қимылға ыңғайлы жеңіл киіммен, желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындайды. Тыныс алу жолдарын шынықтыру шараларын меңгереді.
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Сөздік қор.	Балалар сөйлеу қарқынын (ақырын, жылдам) ажыратып, сәйкесінше қолдана алады. Мамандықтар мен еңбек әрекеттеріне байланысты сөздік қоры кеңейеді.

	Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу.	Сан есімдерді реттікпен атай алады, оларды септік жалғауларымен бірге қолдануды меңгереді. Суреттер мен бұйымдар негізінде өз ойларын байланыстырып әңгімелейді.
Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.	Балалар сахналық қойылымдарға белсенді қатысады. Таныс ертегілер мен әдеби шығармалар бойынша қарапайым рөлдерді ойнай алады. Образды бейнелеуде мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолданады. Еркін ойындарда кейіпкерлер бейнесін өздігінен сомдайды және оларды түрлі қырынан көрсете біледі.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. Тілдің грамматикалық құрылымы үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету	Балалар бейнелеу құралдарын қолданып, еркін ойындар мен сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың көңіл-күйін жеткізе біледі. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін меңгереді: тыныс алуды, артикуляцияны, фонематикалық естуді, сөйлеу қарқынын, анық дыбыстауды дамытады. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке және сөз ішінде дұрыс айтады. Сөздік қоры төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіптік атауларымен толығады, олардың еңбегін түсінеді. Төлдерді қалай шақыратынын біледі және өздері айта алады. Үлгі бойынша жай және жайылма сөйлемдер құрастырады. Қарым-қатынас кезінде сұрақтың түріне қарай хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап

	Байланыстырып сөйлеу Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру.	бере алады.
Математика негіздері	Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді дамыту. Сан, санау: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету Шама: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. жуандығы бойынша заттарды салыстыруды үйрету Геометриялық пішіндер: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды меңгерту (жоғары-төмен, қалың-жұқа). Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.	Балалар жиын ұғымын түсінеді, заттарды түсіне, пішініне, өлшеміне қарай топтастыра біледі. Заттарды жұптап қою арқылы олардың тең немесе тең еместігін анықтай алады. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын меңгереді, реттік сан есімдерді дұрыс атайды. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыра алады. Заттардың шамасы әртүрлі болатынын түсінеді, жуандығы бойынша салыстырып, сәйкес сын есімдерді қолдана біледі. Геометриялық пішіндерді салыстырып, «жоғары-төмен», «қалың-жұқа» сияқты сөздерді сөйлеуде қолдана алады. Кеңістікте өзіне қатысты бағыттарды (алға, артқа, оңға, солға, жоғары, төмен) ажыратып, берілген бағытта қозғала біледі. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен дұрыс сипаттайды. Тәулік бөліктерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) ажыратып, олардың сипаттамаларын айтады, «бүгін», «кеше», «ертең» сөздерін мағынасына сай қолдана алады.
Сурет салу	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды	Балалар сурет салуда әртүрлі түстерді еркін қолдана алады, түстердің көптүрлілігіне қызығушылық танытады. Суретті бояу кезінде қылқалам мен қарындашты дұрыс ұстап, пайдалана біледі.

	қалыптастыру.	Заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта – жоғарыдан төменге немесе солдан оңға қарай жүргізуді меңгереді. Пішіннің шеткі сызығынан шықпай, ырғақты және ұқыпты бояу дағдыларын меңгереді.
Мүсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру.	Балалар ертегілер мен қоршаған орта тақырыптарына сәйкес сюжеттік композициялар құра алады. Ұжымдық жұмыстарда бірлесіп әрекет ету, міндеттерді өзара бөлісу дағдыларын меңгереді. Мүсіндеу барысында қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, материалдармен ұқыпты жұмыс істеуді үйренеді.
Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды киюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.	Балалар ұжымдық сюжетті композиция құрастыру дағдыларын меңгереді. Дайын пішіндер мен өз бетімен қиып жапсыру тәсілдерін қолдана отырып, композиция жасай алады. Шығармашылық қиялы дамып, бейнелеу құралдарын еркін пайдаланады.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. Қағаздан құрастыру: Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін дамыту.	Балалар құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарап, ойнаған соң жинап, орнына қоя алады. Құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Ұжымдық құрастыруға қызығушылығы артады. Қағаздың бұрыштары мен қырларын біріктіріп, желімдеп, бөлшектерді өзара жапсыру арқылы композиция құрастыруды меңгереді. Табиғи және қалдық материалдардан жасалған бұйымдарды танып-біліп, олардың материалдарын зерттеуге қызығушылықтары дамины.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету	Балалар музыканың сипатын сезініп, таныс шығармаларды таниды және тыңдалған музыкадан алған әсерлерін айта алады. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын

	(ақырын, қатты, баяу, жылдам) Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуді меңгерту Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап сазсырнайды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауға мункундік беру Билер: Жұппен би қимылдарын орындауды; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдануды қалыптастыру.	(ақырын, қатты, баяу, жылдам) байқай біледі. Әнді әуенмен және сөздерді таза, анық айтып, музыканың сипатын жеткізе алады. Аспаппен және аспапсыз ән айтуға үйренеді. Музыкалық-ырғақтық қимылдарды музыкаға сәйкестендіріп орындап, музыканың өзгерістеріне сәйкес қимылдарын өзгерте алады. Балалар музыкалық аспаптарда (сазсырнай сияқты) қарапайым әуендерді ойнай алады. Жұппен би қимылдарын орындап, би қимылдарын музыкалық ырғаққа үйлестіре алады.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Жолда жүру ережелері. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.	Балалар көлік түрлері мен жол бөліктерін (тротуар, жолдың жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер жолы, жерасты жолдары, велосипед жолы) танып, бағдаршам түсінің мағынасын меңгереді. Көшеден бағдаршам белгілеріне сәйкес өту дағдыларын игереді. Жаяу жүргіншілерге арналған жол белгілерін (Жаяу жүргінші өткелі, Қоғамдық көлік аялдамасы) түсініп, жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтайды. Сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы жол қозғалысы ережелерін бекітіп, өмір қауіпсіздігін сақтауға үйренеді. Балалар өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын біледі, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстау дағдыларын қалыптастырады

Мектепке дейінгі ұйым: «Altyn Uya New» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеке балабақшасы
Мектепке дейінгі ұйымдағы топ: «Еркемай» ересек тобы
Балалардың жасы: 4жас

Жоспар қандай кезеңге жасалды(айды, жылды көрсету): 02.02-27.02.2026жж
«Жаңашылдық пен жасампаздық айы»

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Негізгі қимылдар: Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).	Балалар жалпы дамытушы жаттығулар мен негізгі қимылдарды жүйелі түрде орындай отырып, қол-аяқ үйлесімі, тепе-теңдік, қозғалыс икемділігі мен бұлшықет күшін дамытады. Доптарды лақтыру, қағып алу, домалату, қашықтыққа дәл лақтыру сияқты дағдыларды жетілдіріп, әртүрлі жаттығулар арқылы қозғалысқа сенімділіктері артады. Ырғақтық жаттығулар мен музыкалық сүйемелдеумен қимыл жасау арқылы ырғақ сезімі мен қозғалысты үйлестіру қабілеттері қалыптасады. Спорттық жаттығулар мен қимылды ойындар балалардың төзімділігі, ептілігі, белсенділігі мен топпен жұмыс жасау дағдыларын дамытады. Ойын барысында ережені саналы түрде сақтап, жетекші рөлді атқаруға, өз әрекетін дұрыс реттеуге үйренеді. Шынықтыру мен дене белсенділігінің маңызын түсініп, салауатты өмір салтын ұстануға талпынысы артады. Балалар күнделікті қозғалысқа қатысып, таза ауада болудың, дұрыс демалыс пен ұйқының пайдасын түсінеді. Мәдени-гигиеналық дағдылар дамып, қол-ауыз тазалығы, тіс тазалау, жеке гигиена, тарақ пен қол

	Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Дербес қимыл белсенділігі: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.	орамалды дұрыс пайдалану, тамақтану әдебін сақтау дағдылары қалыптасады. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге үйреніп, киіну, шешіну, құралдарды жинау және пайдалану сияқты әрекеттерді өз бетінше орындай алады. Дене шынықтыру шаралары мен түрлі жаттығулар арқылы балалардың жалпы физикалық дамуы, бұлшықет тонусының қалыптасуы, тыныс алу жолдарының шынығуы мен қозғалыс икемділігі қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар балаларда денсаулыққа қамқорлық жасауға, өз денесін бақылауға және қимыл белсенділігін дұрыс үйлестіруге дағдылар қалыптасады.
--	--	---

	Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту Сөздік қор. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдануын пысықтау. Тілдің грамматикалық құрылымы Сан есімдерді ретімен атауға, жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.	Балалар сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жетілдіріп, сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айту дағдыларын дамытады. Сөздік қорын кеңейтіп, күнделікті өмірде қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді және есімдіктерді дұрыс пайдалана алады. Сан есімдерді ретімен атауға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдануға үйренеді. Байланыстырып сөйлеу қабілеттері дамып, шығармалар мен ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтып, ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға дағдыланады. Балалар өз ойын жүйелі түрде жеткізіп, әңгімені мәнерлі және қызықты түрде айтуға үйренеді
Көркем әдебиет	Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.	Балалар кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі немесе әңгіме құрастыра алады. Түрлі әрекеттерде ертегілерді, әңгімелерді және өлеңдерді тыңдауға қызығушылық танытып, көркем сөзге, кітапқа деген қызығушылығы артады.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда жәнесахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.	Балалар бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындар мен сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоциясын жеткізе алады. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті дамып, артикуляция, дауыс

	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.	аппараты, тыныс алу, фонематикалық есту, сөздерді анық және қалыпты қарқынмен айту дағдылары қалыптасады. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға үйренеді. Сөздік қор кеңейіп, кітаптан ертегілер мен көркем шығармаларды тыңдап, олардың мазмұнын түсіну қабілеті дамиды. Жай және жайылма сөйлемдер құра білуге, өз және құрдастарының жауаптарындағы қателіктерді ажыратып, дұрыс жауапты ұсынуға үйренеді.
Математика негіздері	Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. Сан, санау: Сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Шама: Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеуді үйретуді жалғастыру. Геометриялық пішіндер: Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды жетілдіру (ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойыншатен). Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалуды(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-	Балалар заттар жиынындағы әртүрлі түстегі, пішіндегі және өлшемдегі заттарды ажыратып, жұппен салыстыру арқылы олардың тең немесе тең еместігін анықтай алады. Сандарды ретімен атауға, «нешінші?» және «барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беруге дағдыланады. Шама ұғымдарын (ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке) қолдана отырып, салыстыру нәтижелерін сипаттай алады. Геометриялық пішіндерді сын есімдермен атау арқылы ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша салыстыра біледі. Кеңістікте бағдарлау қабілеті дамып, берілген бағытта қозғалуға (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды өзіне қатысты орналастыруға, олардың орналасуын сөздермен сипаттауға үйренеді. Тәулік бөліктері мен уақыт ұғымдары (таңертең, күндіз, кеш, түн, «бүгін», «кеше», «ертең») бойынша

	төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруы, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.	балалардың түсінігі кеңейіп, реттілік пен сипаттамалық ерекшелерді ажырата білу дағдылары қалыптасады.
Сурет салу	«Қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуді. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.	Балалар «Қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі» элементтерін орналастыру ретін және олардың арасындағы қашықтықты сақтай отырып сурет салады. Қылқаламды дұрыс пайдаланып, жуан сызықтарды үстінен баса, жіңішке сызықтарды ұшымен жүргізуді меңгереді. Түрлі түстерді қолдануға, композицияны көп түспен байытуға және суретке эстетикалық талғаммен қарауға ұмтылысы артады.
Мүсіндеу	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құруды, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді үйретуді жалғастыру.	Балалар мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін дұрыс қолдануды меңгереді. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сай сюжеттік композициялар құра отырып, ұжымдық жұмыстарда міндеттемелерді өзара бөлісуді үйренеді. Шығармашылық қабілеті дамып, қиял мен қимылды үйлестіру дағдылары қалыптасады.
Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.	Балалар жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылық танытып, қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамытады. Қайшыны дұрыс ұстап, қолдана білуді меңгереді. Түзу сызық бойымен қысқа және ұзын жолақтарды, тар жолақтарды көлденеңінен, сондай-ақ шаршының бұрыштарын қию дағдыларын игереді.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойландыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісуді дамыту Қағаздан құрастыру:	Балалар «лего» конструкторлар мен құрылыс материалдарынан құрастыруға қызығушылық танытып, ұжымдық жұмыстарда бірлесіп жобалау және міндеттерді бөлісу дағдыларын дамытады. Қағаздан құрастыру кезінде бұрыштар мен қырларды біріктіру, бөлшектерді желімдеу арқылы композиция құруды

	Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары), тұрмыстық заттарымен (тостаған, ожау, астау,) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуіне жағдай жасау.	меңгереді. Табиғи және қалдық материалдардан құрастыру барысында қазақ халқының тұрмыстық және ұлттық бұйымдарымен танысып, олардың жасалған материалдарын зерттеуге мүмкіндік алады.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам) Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап барабанды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау Билер: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүруін дамыту	Балалар музыканың сипатын сезініп, таныс шығармаларды біледі және тыңдаған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелей алады. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын (ақырын, қатты, баяу, жылдам) ажырата білуді меңгереді. Ән айту кезінде әуенді таза, сөздерді анық айтып, музыканың сипатын жеткізе алады; аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айту дағдылары қалыптасады. Музыкалық-ырғақтық қимылдар арқылы ән мазмұнына сай сахналауға, ойын әрекеттерін орындауға үйренеді. Балалар музыкалық аспаптарда, әсіресе барабанда, қарапайым әуендерді ойнап, музыкалық дағдыларын дамытады. Музыканың сипатына сәйкес билеп, шеңбер бойымен ән айтып жүру дағдылары қалыптасады.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау	Балалар өлі табиғат құбылыстары мен заттары туралы ұғымдарын кеңейтіп, жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран сияқты құбылыстарды ажырата алады. Ауа райын бақылау күнтізбесінде белгілеуге, сол жағдайға сай киінуге үйренеді. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды түсініп, ойын, еңбек және эксперимент арқылы құм, қар, су,

	және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.	мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтай алады. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылап, Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы ауа райының ерекшеліктері туралы түсінігі қалыптасады.
--	---	--

Мектепке дейінгі ұйым: «Altyn Uya New» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеке балабақшасы
Мектепке дейінгі ұйымдағы топ: «Еркемай» ересек тобы
Балалардың жасы: 4жас

Жоспар қандай кезеңге жасалды(айды, жылды көрсету): 02.03-31.03.2026жыл
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқаұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Негізгі қимылдар: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар.	Жалпы дамытушы жаттығулар - Балалар қол буындарының иілгіштігін арттырып, ұсақ моториканы дамытады. - Омыртқа жотасының икемділігін жетілдіріп, дененің бұрылу және еңкею ептілігін арттырады. - Аяқ бақайларының бұлшықеттерін нығайтып, тепе-теңдікті сақтауды үйренеді. Негізгі қимылдар - Балалар сапқа тұру, бұрылу және сапты түзеу ережелерін меңгереді. - Кеңістікте бағдарлануды, арақашықтықты сақтауды және топпен бірлесіп қимылдауды үйренеді. Ырғақтық жаттығулар - Балалар үйренген қимылдарын музыка ырғағымен сәйкестендіріп, үйлесімді орындауды жетілдіреді. Спорттық жаттығулар (Велосипед тебу) - Балалар екі немесе үш дөңгелекті велосипедті басқарып, бұрылыстарда тепе-теңдікті сақтауды меңгереді. Қимылды ойындар - Балалар ойын ережелерін саналы түрде сақтап, жетекші рөлін атқаруды үйренеді. - Спорттық құралдармен (доп, секіргіш) жұмыс істеуде белсенділік танытады. Салауатты өмір салтын қалыптастыру - Балалар құлаған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуді және ауырғанда ересектерден көмек

	Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. Дербес қимыл белсенділігі: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаюды пысықтау. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту дағдыларын дамыту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды	сұрауды үйренеді. Дербес қимыл белсенділігі - Балалар қимыл-қозғалыс белсенділігін өз бетінше ұйымдастырып, ауа райына сай таза ауада шынығады. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру - Балалар тазалықты сақтау, жеке заттарды (тарак, орамал) пайдалану және сырт келбетін ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастырады. - Тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс қолданып, үстел басындағы әдеп ережелерін сақтайды. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары - Балалар өз бетінше киіну, шешіну, киімдерін жинау және бейнелеу іс-әрекетінен кейін жұмыс орнын тазалау дағдыларын жетілдіреді. Сауықтыру-шынықтыру шаралары - Балалар шынықтыру шараларын (ауыз шаю, жалаң аяқ жүру) күнделікті орындау арқылы жалпақ табандылықтың алдын алып, денсаулықтарын нығайтады.
--	---	---

	шаюды. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту Сөздік қор. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді сынесімдермен байланыстыруға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті - Балалар сөздер мен сөз тіркестерін анық және дұрыс дыбыстау арқылы дикцияларын жақсартады. Сөздік қор - Балалар қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрлерімен (қонақ күту, сыбаға, бата беру) танысып, үлкендерді сыйлауға және дастархан басында әдептілік сақтауға үйренеді. Тілдің грамматикалық құрылымы - Балалар зат есімдер мен сын есімдерді сөз тіркестеріне дұрыс байланыстырып қолданады. Байланыстырып сөйлеу - Балалар сюжетті қойылымдарды сахналау арқылы рөлдерді мәнерлеп орындауға және өзара диалог жүргізуге үйренеді.
Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.	Балалар шешендік өнерінің элементтерін меңгеріп, санамақ, жаңылтпаш айтуды және жұмбақ шешуді үйренеді. Айтыс өнерімен танысып, қарапайым диалогтарда сөз тапқырлықтарын көрсетеді. Балалар кітап иллюстрацияларына қарап, ертегі мен әңгімелерді өз бетінше құрастырып, қиялдары мен тіл байлықтарын дамытады.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді	Тілдік дамытушы орта - Балалар әңгімелесушінің назарын аудару үшін интонация мен сөйлеу мәнерін өз бетінше тиімді қолдануды үйренеді. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті - Балалар артикуляциялық және дауыс аппаратын жетілдіріп, қазақ тіліне тән дыбыстарды (ө, қ, ү, ұ, і, ғ) анық дыбыстау мен сөйлеу қарқынын сақтауды меңгереді. Сөздік қор - Балалар шығарманы мәнерлеп оқығанда

	қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру.	интонацияны, үзілістерді және логикалық екпінді мазмұнға сай қолдана алады. Тілдің грамматикалық құрылымы - Балалар өз ойларын жай және жайылма сөйлемдер арқылы жүйелі жеткізуге үйренеді. Байланыстырып сөйлеу - Балалар бір-біріне «неге?», «не үшін?» деген сияқты зерттеушілік сипаттағы сұрақтар қойып, диалог жүргізеді.
Математика негіздері	Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуіне мүмкіндіктер беру. Сан, санау: Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама: Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Геометриялық пішіндер: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды дамыту (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау). Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.	Жиын - Балалар заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша топтап, жұппен қою арқылы санамай-ақ тең немесе тең еместігін анықтайды. Сан, санау - Балалар 5 көлемінде тура және кері санайды, реттік сандарды қолданып, «нешінші?», «барлығы қанша?» сұрақтарына жауап береді. Шама - Балалар заттарды көлемі бойынша өсу немесе кему ретімен орналастырып, «ұзындау-қысқалау», «кеңдеу-тарлау» сөздерін қолданып салыстырады. Кеңістікте бағдарлау - Балалар кеңістік бағыттарын (алға-артқа, оңға-солға) өз денесіне қатысты анықтап, заттарды бағыт бойынша орналастырады және сипаттайды. Уақытты бағдарлау - Балалар тәулік бөліктерінің реттілігін біледі және «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын күнделікті өмірде қолданады.

Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді пысықтау. «күс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру.	Балалар жеке және бірдей заттарды қайталап салып, олардың қасына басқа заттарды қосу арқылы сюжеттік композициялар құрастырады. Сурет салу кезінде заттардың өзіне тән ерекшеліктерін және олардың бір-бірімен көлемдік арақатынасын дәл беруді жетілдіреді. Қазақ ою-өрнегінің («күс тұмсық», «бота мойын», «бота көз») элементтерін белгілі бір ретпен және арақашықтықты сақтай отырып салуды меңгереді.
Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыру.	Балалар қазақ халқының тұрмыстық заттарымен танысып, оларды мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгереді. Дайын мүсіндерді геометриялық пішіндегі (дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш) қазақ ою-өрнектерімен безендіру дағдыларын жетілдіреді. Мүсіндеу барысында ұқыптылық пен эстетикалық талғамды көрсетеді.
Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау дағдысын пысықтау.	Балалар қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үймен және тұрмыстық заттармен (сандық, кебеже, қоржын) танысып, олардың атауларын біледі. Геометриялық және өсімдік тектес ою-өрнектерді жолаққа белгілі бір бірізділікпен жапсыру дағдыларын қалыптастырады. Жапсыру барысында желіммен және қайшымен жұмыс істеудің қауіпсіздік ережелерін сақтап, жұмысты ұқыпты орындайды.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдауды үйрету. Қағаздан құрастыру: «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды дамыту.	• Құрылыс материалдары мен «лего»: Балалар командамен бірлесіп жұмыс істеуге қызығушылық танытып, әртүрлі тәсілдерді қолдану арқылы ұжымдық құрылыстар жасайды және дайын бұйымды талдауды үйренеді. • Қағаздан құрастыру (Оригами): Балалар қағазды бүктеу арқылы қарапайым пішіндерді өз бетінше жасау

	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру.	дағдыларын дамытады. • Табиғи және қалдық материалдар: Балалар қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үй жабдықтары, ыдыстар) танысып, материалдардың ерекшеліктерін зерттейді.
Музыка	Музыка тыңдау: Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап домбыраны қолдану, қарапайым әуендерді ойнауын дамыту Билер: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту	Музыка тыңдау • Балалар музыкалық шығармаларды иллюстрациялар мен қимылдар арқылы қабылдап, қазақтың ұлттық аспабы – домбыраның үнімен танысады. Ән айту • Балалар тәрбиешінің көмегімен, аспаптың сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, белгілі бір диапазон шегінде (ре-си) әнді мәнерлеп, созып және қимылдармен үйлестіріп айтуды үйренеді. Музыкалық-ырғақтық қимылдар • Балалар музыканың сипатын (көңілді, ойнақы) айырып, әндердің мазмұны бойынша сахналық көріністерді орындайды. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау • Балалар музыкалық аспаптарда, соның ішінде домбырада қарапайым әуендерді ойнау дағдыларын дамытады. Билер • Балалар музыка ырғағымен шеңбер бойымен жүріп, ән айтады және музыка сипатына сай қимылдарды өзгертіп, шапшаңдық пен ептілік көрсетеді.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.	Өсімдіктердің тіршілігі мен күтімі: Балалар өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екенін түсініп, олардың өсуіне қажетті жағдайларды (су, жарық, жылу, топырақ) анықтайды және күтім жасау (суару, қопсыту, шаң сүрту) дағдыларын меңгереді. Даму кезеңдері мен жіктелуі: Өсімдіктердің тұқымнан гүлге дейінгі даму кезеңдерін біледі және оларды

	Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.	жемістер, көгөністер, жидектер, гүлдер, бұталар мен ағаштар деп топтастыра алады. Табиғатқа қамқорлық: Бөлме өсімдіктері мен табиғат бұрышына күтім жасау арқылы адамның қоршаған ортаға қамқорлық жасау маңыздылығын түсінеді.
--	--	--

Мектепке дейінгі ұйым: «Altyn Uya New» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеке балабақшасы

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жас

Жоспар қандай кезеңге жасалды(айды, жылды көрсету): 01.04-30.04.2026жыл
СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылайотыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-	Жалпы дамытушы жаттығулар бойынша Бала қол қозғалыстарын (алға, жан-жаққа, жоғары, төмен) үйлесімді орындайды және қолды белге, иыққа қою, арқаға апару тәсілдерін меңгереді. Тізерлеп отырып допты домалату, бір аяғын көтеріп затты бір қолдан екінші қолға өткізу кезінде ептілік танытады. Аяқ ұшымен және өкшемен нық басуды, қатарынан бірнеше рет жартылай отырып-тұру жаттығуларын еркін орындау дағдысы бекиді. Негізгі қимылдар бойынша Тар соқпақтар мен биіктігі 30-35 см көлбеу тақтай бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сенімді сақтайды. Басына қапшық қойып немесе кедергілерден (доптардан, сатылардан) аттап өту кезінде денесін тік ұстайды. Жүгірудің түрлі тәсілдерін (тізені көтеріп, аяқ ұшымен, «жыланша») меңгереді және қарқынды баяудан шапшаңға өзгерте отырып, 1-1,5 минут бойы шаршамай жүгіруге дағдыланады. Ырғақтық жаттығулар бойынша Бұрын үйренген жаттығулар мен қимылдарды музыка әуеніне сәйкес ырғақты орындай алады. Музыканың екпінін сезініп, қимыл-қозғалыстарын әуенмен үйлестіру қабілеті артады. Спорттық жаттығулар бойынша Екі немесе үш дөңгелекті велосипедті сенімді теуіп, бағытты оңға және солға дер кезінде бұруды меңгереді. Велосипед айдау кезінде кеңістікті бағдарлау дағдысы қалыптасады.

бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Дербес қимыл белсенділігі: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.	Қимылды ойындар бойынша Ойындарда жетекші рөлін атқаруға талпыныс білдіреді және ойын ережелерін саналы түрде сақтайды. Доп, секіргіш, құрсау сияқты спорттық құралдарды қолданып ойнау кезінде жоғары белсенділік пен ептілік танытады. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша Денсаулықты сақтау үшін таңертеңгі жаттығудың, спорттың және ұйқының маңыздылығын түсінеді. Дене белсенділігінің ағзаға тигізетін пайдасы туралы алғашқы ұғымдары кеңейеді. Дербес қимыл белсенділігі бойынша Педагогпен бірге жаттығу жасауға және топтық ойындарға қызығушылықпен қатысады. Таза ауада ауа-райына сай қимыл-қозғалыс тапсырмаларын орындауға дағдыланады және өз мүмкіндігіне қарай күш түсуін реттеуді үйренеді. Мәдени-гигиеналық дағдылар бойынша Өз бетінше қолын сабындап жууды, тісін тазалауды және жеке гигиена құралдарын (тарак, орамал) қолдануды әдетке айналдырады. Үстел басында мәдениетті тамақтанып, ас құралдарын дұрыс ұстайды және тамақтан соң ауызды шаю қажеттілігін біледі. Сырт келбетінің тазалығына назар аударады. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары бойынша Киіну және шешіну реттілігін жетік біледі, киімдерін ұқыпты жинап, орнына ілуді меңгереді. Ересектердің көмегімен киімін тазалауға, құрғатуға қатысады. Шығармашылық жұмыстан кейін өз жұмыс орнын жинап, құралдарын (қылқалам, құты) тазалап жууға дағдыланады. Сауықтыру-шынықтыру шаралары бойынша Шынықтыру шараларын (сүмен сүртіну, ауыз шаю) орындауға дағдыланады. Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін арнайы жолдармен жалаң аяқ жүруді үйренеді және тыныс алу жаттығулары арқылы ағзасын нығайтады.
--	--

	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаюды дамыту. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаюды. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды жасату	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті бойынша Баланың фонематикалық есту қабілеті жетіледі және белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы танып, оларды өз бетінше атай алады. Сөз ішіндегі дыбыстарды ажырату арқылы сөйлеу мәдениеті мен дыбыстарды қабылдау деңгейі артады. Сөздік қор бойынша Баланың сөздік қоры ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс-аяқ, жиһаз сияқты заттар тобын біріктіретін жалпылаушы сөздермен байиды. Заттардың орналасу бағытын (оң, сол, қатар, жанында, арасында) дәл көрсетіп, тұрмыстық техникалар мен ұлттық бұйымдардың атауларын орынды

	Тілдің грамматикалық құрылымы Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету(отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.	қолданады. Сондай-ақ, мағынасы қарама-қарсы антоним сөздерді сөйлем ішінде пайдалану дағдысы қалыптасады. Тілдің грамматикалық құрылымы бойынша Етістіктің бұйрық рай формаларын (отыр, жүр, жүгір) қарым-қатынас барысында дұрыс қолдана біледі. Өтініш немесе бұйрық түріндегі тапсырмаларды грамматикалық тұрғыдан сауатты құрастырып, өз ойын нақты жеткізуге дағдыланады. Байланыстырып сөйлеу бойынша Бұрын кездеспеген бейтаныс заттар мен табиғат құбылыстары туралы алған ақпаратты талқылауға белсенді қатысып, өз ойын жүйелі айта алады. Ұсынылған сюжеттік желілер бойынша шағын қойылымдарды сахналауды меңгеріп, кейіпкерлер арасындағы диалогтарды байланыстырып сөйлеу арқылы жеткізе біледі.
Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екіпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.	Бала тыңдалған шығарманың желісін есте сақтап, оның мазмұнын жүйелі түрде қайталап айта алады. Қысқа өлеңдер мен санамақтарды жатқа айту дағдысы қалыптасып, шығарманың сипатына қарай дауыс ырғағын (интонациясын) өзгертуді, қажетті жерінде үзіліс жасауды және логикалық екіпінді дұрыс қоюды меңгереді. Көркем мәтінді эмоционалды тұрғыдан терең қабылдап, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға береді және олардың басына түскен жағдайларға шынайы жанашырлық танытады. Шығармадағы негізгі ойды түсіну арқылы есте сақтау қабілеті мен сөйлеу мәдениеті жоғарылайды.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық	Тілдік дамытушы орта бойынша Бала қарым-қатынас кезінде тыңдаушының назарын аудару үшін дауыс ырғағын (интонациясын) орынды пайдалана алады. Сөйлеу мәнерін жағдайға қарай өз бетінше өзгертіп, ойын әсерлі әрі түсінікті жеткізу дағдысы қалыптасады. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті бойынша Артикуляциялық аппараты мен дауыс деңгейі жетіліп, сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуды меңгереді. Фонематикалық есту қабілеті арқылы

	айтуға баулу. Сөздік қор Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.	дыбыстарды анық ажыратады және қазақ тіліне тән төл дыбыстарды (ө, к, ү, ұ, і, ғ) жеке де, сөз ішінде де қалыпты қарқынмен, таза дыбыстауды үйренеді. Сөздік қор бойынша Оқылған ертегілер мен көркем шығармалардың мазмұнын терең қабылдайды және кейіпкерлердің іс-әрекетіне өзіндік баға бере алады. Жағымсыз кейіпкерлерге сын көзбен қарап, жағымды кейіпкерлерге жанашырлық таныту арқылы өз ойын еркін білдіруге дағдыланады. Тілдің грамматикалық құрылымы бойынша Сөйлеу барысында сөздерді өзара дұрыс байланыстырып, өз ойын тек қысқа қайырмай, жай және жайылма сөйлемдер арқылы толық жеткізе алады. Грамматикалық тұлғаларды орынды қолдану қабілеті артады. Байланыстырып сөйлеу бойынша Құрдастарымен және ересектермен еркін диалогқа түседі. Кез келген тақырыпты бірлесе талқылау кезінде өз пікірін дәлелдеп, сөйлеу этикасын сақтай отырып, байланыстырып сөйлеу дағдысын көрсетеді.
Математика негіздері	Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту. Сан, санау: Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты	Жиын бойынша Бала жиынның әртүрлі түстегі, пішіндегі және өлшемдегі заттардан құралатынын түсінеді. Заттарды өзара жұптастыру арқылы оларды санамай-ақ салыстыра біледі және салыстыру негізінде топтардың тең немесе тең емес екенін өз бетінше анықтай алады. Сан және санау бойынша Реттік сан есімдерді дұрыс атап, «нешінші?» және «барлығы қанша?» деген сұрақтарға нақты жауап береді. 5 көлеміндегі сандарды тура және кері бағытта санау дағдысын меңгереді және санау нәтижесінде шыққан қорытынды санды атай біледі. Шама бойынша Қоршаған ортадағы заттардың шамасы (көлемі) бойынша бір-бірінен ерекшеленетінін ұғынады. Екі затты ұзындығы, ені және биіктігі бойынша өзара салыстырып,

	салыстыруын жетілдіру Геометриялық пішіндер: Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойыншатен) дамыту Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуін жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.	олардың айырмашылықтарын таба алу қабілеті жетіледі. Геометриялық пішіндер бойынша Жазық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және көлемді денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, оларды атауларын шатастырмай айтады. Пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттей отырып, салыстыру нәтижелерін сөйлеу барысында тиісті сын есімдермен (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, қалың-жұқа) дәл сипаттайды. Кеңістікте бағдарлау бойынша Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты (алға-артқа, оңға-солға) анықтап, берілген бағыт бойынша мүдірмей қозғала алады. Заттарды солдан оңға қарай ретімен орналастыруды меңгереді және заттардың өзіне қатысты тұрған орнын (алдымда, сол жағымда) сөзбен жүйелі жеткізу дағдысы қалыптасады. Уақытты бағдарлау бойынша Тәулік бөліктерінің (таңертең, күндіз, кеш, түн) реттілігі мен оларға тән ерекшеліктерді ажыратады. Уақытты білдіретін «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын мағынасына қарай орынды қолдануды үйренеді.
Сурет салу	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).	Бала қоршаған ортадағы заттардың, өсімдіктер мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы білімін кеңейтеді. Қоңыр, қызғылт сары және ашық жасыл сияқты күрделі реңктерді танып, оларды бір-бірінен ажырата біледі. Бояуларды өзара араластыру (мысалы, қызыл мен сарыны, жасыл мен ақты) арқылы жаңа реңктерді өз бетінше шығару тәсілдерін меңгереді. Түстер гаммасымен жұмыс істеуге шығармашылық қызығушылық танытып, алынған нәтижені сурет салу барысында табиғат бейнесін шынайы көрсету үшін орынды қолдана алу дағдысы қалыптасады.
Мүсіндеу	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуін жетілдіру.	Бала мүсіндеудің күрделі техникалық әдістерін (қысу, тарту, басу) еркін қолдана отырып, заттың пішінін дәл келтіруді меңгереді. Арнайы кескіш құралды (стека) мақсатты түрде пайдаланып, жасалған бұйымның бетіне бедер түсіру, артық бөліктерін алу және безендіру дағдысы қалыптасады. Ертегілер желісі мен қоршаған ортадағы оқиғалар негізінде көп фигуралы сюжеттік композициялар құрастыра алады. Ұжымдық жұмыс

		барысында құрдастарымен ортақ мақсатқа бірігіп, жұмыс міндеттерін өзара келісе отырып бөлісуді және өз бөлігін жауапкершілікпен орындауды үйренеді.
Жапсыру	Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.	Бала ұлттық ою-өрнектерді қолдану барысында композициялық заңдылықтарды сақтауды меңгереді. Ою элементтерінің белгілі бір реттілікпен орналасуын, олардың арасындағы бірдей арақашықтықты (ырғақты) және пішіндердің үйлесімділігін сезіне біледі. Тұрмыстық заттар мен ыдыстардың (кесе, табак, құман) сыртқы пішінін ескере отырып, оюды жиектеріне немесе ортасына ұқыпты орналастыру дағдысы бекиді. Түрлі ою түрлерін (қошқармүйіз, түйетабан және т.б.) ажыратып, оларды заттың бетіне симметриялы түрде жапсыру немесе салу арқылы эстетикалық талғамы мен қол ептілігі артады.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Қағаздан құрастыру: «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға ынталандыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыруды үйрету.	Құрылыс материалдарынан және «Лего» конструкторларынан құрастыру бойынша Бала конструктор бөлшектерін өз бетінше тандап, қиялындағы нысандарды (үй, көлік, көпір) ойдан құрастыра алады. Құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын (оң, сол, үстінде, астында) дәл анықтап, құрылымның беріктігі мен үйлесімділігін сақтайды. Жасалған дайын құрылысты сюжеттік ойындарға пайдаланып, оны өзге ойыншықтармен толықтыру және кейіпкерлерді қатыстырып ойнау дағдысы қалыптасады. Қағаздан құрастыру бойынша «Оригами» техникасының қарапайым тәсілдерін меңгеріп, қағазды бүктеу арқылы түрлі фигуралар жасауға ынта білдіреді. Қағаз парағының бұрыштары мен жиектерін дәл келтіріп бүктеуді, қарапайым сызбалар мен үлгілерге қарап жұмыс істеуді үйренеді. Бұл бағытта баланың саусақ бұлшықеттері мен зейіні дамиды. Табиғи және қалдық материалдардан құрастыру бойынша Табиғи материалдардың (мақта, жүн, жіп, асық, дән түрлері) және қалдық заттардың (қақпақтар, пластик ыдыстар, қораптар) ерекшеліктерін таниды және оларды құрастыру жұмыстарына тиімді пайдаланады. Түрлі материалдарды өзара байланыстыру арқылы жаңа бейнелер жасауды, табиғат пен тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жаратуды үйренеді. Бұл баланың

		шығармашылық тапқырлығын арттырып, қоршаған ортаға деген ұқыпты көзқарасын қалыптастырады.
Музыка	Музыка тыңдау: Эндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіруді жасату. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап металлофонды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауға мүмкіндік беру Билер: Музыканыңкөңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындауды дамыту	Музыка тыңдау бойынша Бала музыкалық шығарманың мазмұнын иллюстрациялық суреттермен және сәйкес қимылдармен ұштастыра қабылдайды. Қазақтың ұлттық аспабы домбыраның дыбысталу ерекшелігін таниды, домбырамен орындалған әндер мен күйлерді ықыласпен тыңдап, олардың көңіл-күйін сезіну дағдысы қалыптасады. Ән айту бойынша Тәрбиешінің көмегімен музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен де, сүйемелдеуінсіз де (акапелла) ән айтуға дағдыланады. Әнді созып, мәнерлеп айтуды меңгереді және дауыс диапазонын бірінші октаваның ре-си дыбыстары шегінде еркін қолданады. Ән мазмұнына сай қарапайым қимылдарды ән айтумен үйлестіре білу қабілеті артады. Музыкалық-ырғақтық қимылдар бойынша Өзіне таныс әндердің мазмұнына сәйкес шағын көріністерді сахналай алады. Музыканың ырғағы мен қарқынына (тез, баяу) қарай әртүрлі екпінмен секіру жаттығуларын орындайды, қозғалыс үйлесімділігі мен ырғақты сезінуі жетіледі. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау бойынша Металлофон аспабында ойнаудың алғашқы дағдыларын иеленеді. Таныс әндерді орындау барысында металлофонды қолданып, қарапайым әуендерді ырғағымен қағып ойнауға талпынады, музыкалық есту қабілеті мен саусақ моторикасы дамиды. Билер бойынша Музыканың көңілді, ойнақы сипатын бірден ажыратып, оған сәйкес эмоция танытады. Түрлі атрибуттармен (жаулық, гүл, сылдырмақ және т.б.) би қимылдарын үйлесімді орындауды меңгереді, би өнеріне деген эстетикалық талғамы қалыптасады. Төрт түлік және оның төлдері бойынша Бала төрт түлік малды (түйе, жылқы, сиыр, қой-ешкі) және олардың төлдерін ажыратып атайды. Олардың мінез-құлқы, қоректенуі және адам
Қоршаған әлеммен таныстыру	Жануарлар әлемі. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім	

	жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста -құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.	өміріне тигізер пайдасы (сүті, еті, жүні) туралы түсінігі қалыптасады. Үй жануарларына күтім жасаудағы ересектердің еңбегін бағалай білуге дағдыланады. Жабайы аңдар бойынша Жабайы аңдардың (қасқыр, түлкі, қоян, аю және т.б.) сыртқы түрін, қозғалыс ерекшеліктерін және тіршілік ету ортасын біледі. Аңдардың қысқы суыққа қалай бейімделетіні (терісінің өзгеруі, азық жинауы, ұйқыға кетуі) туралы білімі байиды. Маусымдық өзгерістер мен жәндіктер бойынша Табиғаттағы маусымдық құбылыстарды салыстыра алады: күзде жәндіктердің азаюын, қыста құстарға қамқорлық жасау қажеттігін, көктем мен жазда тіршіліктің жандануын түсінеді. Жәндіктердің (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) түрлерін ажыратады және олардың тіршілігіне қажетті жағдайларды (су, жылу, жарық, азық) анықтай біледі. Құстар әлемі бойынша Қыстап қалатын және жыл құстарын бір-бірінен ажыратады. Құстардың ұя салу, балапан шығару және сайрау ерекшеліктеріне бақылау жасай отырып, олардың табиғаттағы маңызын ұғынады. Жануарлар мен құстардың тіршілік ету ортасына ұқыптылықпен қарау дағдысы бекиді.
--	---	--

Мектепке дейінгі ұйым: «Altyn Uya New» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеке балабақшасы

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жас

Жоспар қандай кезеңге жасалды(айды, жылды көрсету): 04.05-29.05.2026жыл

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдыменөкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылайотыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Негізгі қимылдар: Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау	Қолды әртүрлі бағытта қозғалту, тізерлеп отырып доп домалату және аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды орындау арқылы жалпы дене моторикасын дамытады. Допты және құрсауды нысанаға дәл лақтыру, қашықтыққа лақтыру, допты жоғары лақтырып қағып алу және кедергілер арқылы өткізу дағдыларын меңгереді. Музыка ырғағын сезініп, бұрын үйренген қимылдар мен жаттығуларды әуенмен үйлестіріп орындайды. Велосипедті тепе-теңдік сақтай отырып тебуді, оңға және солға бұрылуды үйренеді. Қимылды ойындарда жетекші рөлді атқара біледі, ойын ережелерін сақтайды және спорттық құралдармен (доп, секіргіш) белсенді әрекет етеді. Салауатты өмір салты, дене белсенділігі мен дұрыс ұйқының денсаулыққа пайдасы туралы алғашқы түсініктері кеңейеді. Өз жас ерекшелігіне сәйкес дене жүктемесін қабылдап, таза ауадағы ойындар мен жаттығуларға қызығушылықпен қатысады. Жеке басының тазалығын қадағалауды әдетке айналдырады: қолын сабынмен жуу, тіс тазалау, тарақ

	Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Дербес қимыл белсенділігі: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаюды дамыту. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су	пен орамалды өз бетінше пайдалану дағдылары бекиді. Тамақтану мәдениетін сақтайды: асхана құралдарын (қасық, шанышқы) дұрыс ұстайды, тамақты асықпай шайнап, тамақтан соң аузын шаюды үйренеді. Өз бетінше киініп-шешінуді, киімін күтіп ұстауды (жинау, ілу) және іс-әрекеттен кейін жұмыс орнын (қылқалам, үстел) тазалауды меңгереді. Шынықтыру шараларына (ауыз шаю, жалаң аяқ жүру, тыныс алу жаттығулары) қатысу арқылы ағзаның төзімділігі артып, жалпақ табандылықтың алдын алу дағдылары қалыптасады.
--	--	--

	шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаюды. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды жасату	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету(отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.	Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата біледі және оларды дұрыс атайды. Ойыншықтар, киім, ыдыс, жиһаз сияқты заттар тобын жалпылаушы сөздермен атай алады. Заттардың орналасқан жерін (оң, сол, қатар, жанында) білдіретін сөздерді және мағынасы қарама-қарсы антонимдерді сөйлеу барысында қолданады. Тұрмыстық техникалар мен ұлттық бұйымдардың атауларын біледі және сөздік қоры осы атаулармен байиды. Етістіктерді бұйрық райында (отыр, жүр, жүгір) орынды қолдануды меңгереді. Бейтаныс заттар мен құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға қатысып, өз ойын байланыстырып жеткізеді. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарға қатысып, кейіпкерлерді сахналай білу дағдысы қалыптасады.
Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екіпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.	Тыңдалған шығарманың мазмұнын жүйелі түрде қайталап айту дағдысы қалыптасады. Қысқа өлеңдер мен санамақтарды жатқа айту арқылы есте сақтау қабілеті артады. Өлеңдер мен тақпақтарды айту кезінде түрлі интонацияларды, үзілістер мен логикалық екіпіндерді қолдана біледі. Шығарманың мазмұнын дұрыс қабылдап, кейіпкерлердің іс-әрекетіне эмоционалды түрде жауап қайтарады. Кейіпкерлердің басынан кешкен оқиғаларына жанашырлық танытып, ізгілік сезімдері дамиды.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару	Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын аудару үшін тиісті интонация мен сөйлеу мәнерін өз бетінше

	үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.	қолданады. Артикуляциялық және дауыс аппараты дамып, сөйлеу кезінде тыныс алуды реттеу және анық, қалыпты қарқынмен сөйлеу дағдысы қалыптасады. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке және сөз ішінде анық айтуды меңгереді. Ертегілер мен көркем шығармалардың мазмұнын түсініп, кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын білдіріп, оларға жанашырлық танытады. Өз ойын жеткізуде жай және жайылма сөйлемдерді дұрыс құрап қолдана алады. Құрдастарымен және ересектермен еркін диалогқа түсіп, тақырыпты талқылау дағдылары дамиды.
Математика негіздері	Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту. Сан, санау: Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын жетілдіру Геометриялық пішіндер: Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу	Жиынның әртүрлі түстегі, пішіндегі және өлшемдегі заттардан тұратындығын түсінеді. Заттарды жұппен қою арқылы олардың санын санамай-ақ салыстырып, тең немесе тең еместігін анықтай алады. 5 көлемінде тура және кері санауды меңгереді, сандарды ретімен атайды. «Нешінші?» және «Барлығы қанша?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беріп, қорытынды санды атайды. Екі затты ұзындығы, ені және биіктігі бойынша салыстырып, олардың шамасына сипаттама береді. Дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш пішіндерін және куб, шар, цилиндр денелерін танып, атайды. Геометриялық пішіндерді зерттеу барысында салыстыру

	арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойыншатең) дамыту Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуін жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.	нәтижелерін (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен) сөйлеуде қолданады. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтап, берілген бағытта (алға-артқа, оңға-солға) еркін қозғалады. Заттарды солдан оңға қарай орналастыруды және олардың орналасуын (алдымда, сол жағымда) сөзбен сипаттауды үйренеді. Тәулік бөліктерінің (таңертең, күндіз, кеш, түн) реттілігі мен ерекшеліктерін ажыратады. «Бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын түсініп, оларды уақытты бағдарлауда қолданады.
Сурет салу	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).	Гүлдердің, қоршаған заттар мен табиғат нысандарының түстері мен реңктері туралы түсініктері кеңейеді. Қоңыр, қызғылт сары және ашық жасыл реңктерді танып, оларды бір-бірінен ажырата алады. Бояуларды араластыру арқылы қажетті түсті немесе жаңа реңктерді өз бетінше шығару дағдысын меңгереді. Шығармашылық жұмыс барысында жаңа түстерді алуға деген қызығушылығы мен танымдық белсенділігі артады.
Мүсіндеу	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуін жетілдіру.	Мүсіндеу кезінде қысу, тарту және басу әдістерін еркін қолданады. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымның бетіне өрнек салып, оны безендіру дағдысы қалыптасады. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына негізделген мазмұнды сюжеттік композициялар құра алады. Ұжымдық жұмыстарды орындау барысында өзара міндеттерді бөлісуді және бірлесіп әрекет етуді үйренеді.
Жапсыру	Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.	Ою-өрнек элементтерінің ретін және олардың арасындағы арақашықтықты сақтай отырып орналастыруды үйренеді. Заттардың пішінін ескере отырып, ұлттық ою-

		өрнектермен тұрмыстық бұйымдар мен ыдыстарды үйлесімді безендіреді. Ою-өрнектерді жапсыру немесе салу кезінде ырғақ пен симметрияны сақтау дағдылары дамиды. Халықтық қолөнер үлгілері арқылы эстетикалық талғамы мен ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы артады.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Қағаздан құрастыру: «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға ынталандыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыруды үйрету.	Құрылыс материалдары мен «лего» конструкторларын қолданып, өз бетінше ойдан түрлі нысандар құрастырады. Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын (жоғары, төмен, жанында) анықтай біледі. Дайын құрылыс нысандарын сюжеттік ойындарға пайдаланып, шығармашылық белсенділік танытады. «Оригами» тәсілімен қағаздан қарапайым пішіндер жасау дағдысын меңгереді. Табиғи материалдардан (мақта, жүн, жіп, асық, дән) және қалдық заттардан (қақпақ, қорап, пластик) түрлі бұйымдар құрастыруды үйренеді. Өртүрлі материалдармен жұмыс істеу барысында қолдың ұсақ моторикасы мен қиялы дамиды.
Музыка	Музыка тыңдау: Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіруді жасату. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық	Әндерді тыңдау кезінде иллюстрациялық суреттерді мазмұнымен байланыстырады және музыканың көңіл-күйін қимылдармен жеткізеді. Қазақтың ұлттық аспабы домбыраның дыбысын ажыратады, онымен орындалған әндер мен күйлерді қызығушылықпен тыңдайды. Тәрбиешінің көмегімен аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ре-си бірінші октава шегінде әнді мәнерлеп, созып айтуға дағдыланады. Ән айту барысында сөздер мен әуенді қарапайым қимылдармен үйлестіре білу машығы қалыптасады. Таныс әндердің мазмұны бойынша шағын көріністерді сахналайды және музыка ырғағына қарай түрлі қарқынмен секіру жаттығуларын орындайды. Балаларға арналған металлофон аспабында таныс әндердің қарапайым әуендерін ырғақты сақтай отырып

	аспап металлофонды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауға мүмкіндік беру Билер: Музыканыңкөңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындауды дамыту	ойнайды. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын сезініп, түрлі атрибуттарды қолдану арқылы би қимылдарын мәнерлі орындауды үйренеді.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).	Жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Қоғамдық орындар мен қоғамдық көлікте өзін-өзі ұстау мәдениетін көрсетеді. Үлкендермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасайды: амандасады, қоштасады, өтінішін білдіріп, алғыс айтады. Ересектердің әңгімесіне араласпауды және сөйлеу әдебін сақтайды. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтайды: қоқыс тастамайды, өсімдіктерді қорғайды, құстарға қамқорлық жасайды. Тұрмыстық қауіпсіздік дағдыларын қолданады: электр құралдарынан сақ болады, сіріңкемен ойнамайды, терезе алдына шықпайды, баспалдақпен жүргенде таяныштан ұстайды. Табиғатта және күнделікті өмірде өз бетінше от жақпаудың қауіптілігін түсінеді.